

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 384 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 13 қыркүйек N 1260. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.03. N 1260 қаулысымен.

"Байқоңыр" аэроғарыш айлағын пайдаланудың негізгі принциптері мен жағдайлары туралы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы Келісімге қол қойылуына, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру Шартына байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 384 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 17, 199-бап) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақтың екінші абзацындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағының ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін және аэроғарыш инфрақұрылымын ғылымның, халық шаруашылығының, қауіпсіздік пен халықаралық ынтымақтастықтың мүдделері үшін тиімді пайдалану мен дамытуды қамтамасыз ету" сөздері "Ресей Федерациясы жалға алған объектілерге кірмейтін "Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса алғанда Қазақстан Республикасының аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерінің ғылымның, халық шаруашылығының, қауіпсіздік пен халықаралық ынтымақтастықтың мүдделері үшін сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету" сөздерімен алмастырылсын;

2-тармаққа мынадай редакциядағы үшінші абзац енгізілсін:

"Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешенінің объектілерін пайдалану жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыру";

5-тармақтағы "65" цифры "31" цифрына және "30" цифры "10" цифрына алмастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 384 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі туралы Ережеге мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақтың екінші абзацындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағының ғылыми-техникалық және өндірістік әлеуетін және аэроғарыш инфрақұрылымы ғылымның, халық шаруашылығының, қауіпсіздік пен халықаралық ынтымақтастықтың мүдделері үшін тиімді пайдалану мен дамытуды қамтамасыз ету" сөздері "Ресей Федерациясы жалға алған объектілерге кірмейтін "Байқоңыр" кешенінің объектілерін қоса алғанда Қазақстан Республикасының аэроғарыш инфрақұрылымы объектілерінің ғылымның, халық шаруашылығының, қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың мүдделері үшін сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету" сөздерімен алмастырылсын;

4-тармаққа мынадай редакциядағы үшінші абзац енгізілсін:

"Ресей Федерациясы жалға алған "Байқоңыр" кешенінің объектілерін пайдалану жағдайларына бақылау жасауды жүзеге асыру";

5-тармақтың сегізінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жыл сайын Ресей Федерациясының Үкіметі немесе өкілетті органдары ұсынған "Байқоңыр" ғарыш айлағын ракеталық-ғарыштық техникаларды ұшыру жоспарын мүдделі министрлік пен ведомстволар бірлесіп қарайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізеді";

5-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 10 желтоқсандағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру Шарты жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асырады";

5-тармақтың тоғызыншы абзацы алынып тасталсын;

7-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бас директордың Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындаған екі орынбасары және құрамы бес адамнан тұратын алқасы болады"

.